

ӘСКЕРІМІЗ АЙБЫНДЫ БОЛСЫН!



ТҰРПАЖ- ҚАЗАЛЫ

№31
(2306)
Сәрсенбі
7 мамыр
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті жерлестер!
Қарулы Күштер жауынгерлері мен ардагерлері!
Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Әрбір Тәуелсіз мемлекеттің ең басты мақсаты – ел тыныштығын қорғау, мемлекет тұтастығын сақтау.

Сондықтан да бұл күн – Отанды қадірлейтін, оның тарихын құрметтейтін, айбынды әскеріміздің атағын асқақтатқан, мемлекетіміздің қуатын айғақтайтын күн.
Осыдан 33 жыл бұрын, 1992 жылғы 7 мамырда Ұлттық Қорғаныс Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойылды. Сол уақыттан

бері бұл Отан үшін қалтқысыз қызмет ететін рухы мықты, ержүрек азаматтардың мерекесіне айналды.

Қарулы Күштер қатарында қызмет ету әрбір қазақстандықтың құрметті міндетіне, аға буынның ерлік және жауынгерлік дәстүрлеріне негізделген патриотизмнің адамгершілік мектебіне айналды.

Баршаңызды Отан қорғаушылар күнімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, елімізге береке-бірлік тілеймін!

Ержүрек ерлеріміздің бұл мерекесі елімізге әрдайым қуаныш пен бейбіт күн әкелсін. Аспанымыз ашық, елдің іргесі берік, бейбіт өміріміз баянды болсын!

**Құрметпен,
Қазалы ауданы әкімі
Мейрамбек
ШЕРМАҒАНБЕТ**

ҚҰАТТЫ АРМИЯ – ЕЛ ТІРЕГІ

Қазақстан Армиясы мерекесінің Ұлы Жеңістің қарсаңында атап өтілуінде ерекше мән бар. Бұл ұрпақтар ісінің үздіксіз байланысын, жауынгерлік дәстүрдің сабақтастығын, Отан үшін жанқиярлықпен қызмет ететіндігін дәлелдеудің 7- мамыр Отан қорғаушылар күнімен 9- мамыр Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні қазіргі таңда бойымызда егіз ұғым іспеттес болып қалыптасқандығы анық.

Аталарымызбен әкелеріміздің өшпес ерлік істері кейінгі жас ұрпақты Қазақ елін нығайту жолында өрге сүйреп жетелеп келеді.

Егеменді еліміздің тұңғыш Президентінің Жарлығымен дербес әскеріміз құрылды. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш қорғаныс министрі, Армия генералы, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы С.Нұрмағамбетов қарулы күштеріміздің қалыптасуына, нығаюына өлшеусіз үлес қосты. Қазіргі уақытта еліміздің барлық өңірлерінде жерлестеріміз әскери қызметтерін атқаруда. Олар жерлесіміз, ауданымыздың мақтанышы, генерал Ә.Ерниязовты мақтан тұтады.

Тәуелсіз еліміздің әскери құрамы келісім-шартпен қызмет атқаратын мерзімді әскери қызмет болып табылады. Жыл сайын еліміздің қырық мыңға жуық 18-27 жас аралығындағы денсаулығы жарамды бозбалалар әскер қатарына шақырылады. Қазіргі уақытта ауданда көктемгі мерзімді әскер қатарына шақыру науқаны жүріп жатыр. Десекте соңғы жылдары елімізде әскерге барудан жалтара-тын жастар көбеюде. «Борышын өтемеген бөріктіңе сын» демекші, Отан, ел қорғау ерлерге парыз. Қазіргі таңда әскери борышын өтеп келген білімді жастарға көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, жоғарғы оқу орындарына тегін грант беріледі.

Ауданда борышын өтеп келген жастар келісім-шартпен әскери қызметке дайындау үшін шақырылып жатыр. Олар өздері қалаған әскери бөлімінен қатынас әкеліп қызмет атқаруына болады. Сол сияқты, Үкімет қаулысымен әскери кафедра бітіріп, лейтенант шенін алған запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру жұмыстары жүргізілуде. Оларға әскери қызметшілердің барлық жеңілдіктері: тұрғын үй, көтерме жәрдемақы, жыл сайынғы еңбек демалысы, 12 ай бойы айлық жалақысы, тегін медициналық ем алу қарастырылған.

Әскери қызмет атқарғысы келетін 18-22 жас аралығында жастар мен 32 жасқа дейінгі офицерлердің аудан қорғаныс істері бөліміне келіп, немесе 21-4-33 байланыс телефоны арқылы хабарласуына болады.

**Қазалы ауданының
қорғаныс істер бөлімі**

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІ ТОЙЛАНДЫ

Қ а з а қ с т а н халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай ауданымызда мерекелік салтанатты шара өтті. Ұлтты ұйыстырып, береке мен бірлікке, татулық пен ынтымаққа үндейтін мереке «Достық өнін шырқайық!» атауымен Әйтеке би кентіндегі орталық алаңда ұйымдастырылды. Мәдени-көпшілік шараға аудан тұрғындары мен қонақтары қатысып, бірлік мерекесін ерекше көңіл күймен атап өтті.

Мерекелік шарада аудан әкімінің міндетін атқарушы Жалғас Сүйеубаев сөз сөйлеп, барша қазалылықтарға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің мерекелік құттықтауын жеткізді.

-Татулық пен тыныштықтың, тұрақтылық пен бейбітшіліктің символына айналған мерекенің еліміз үшін орны ерекше. Өйткені,

мереке Қазақстанды мекен еткен барлық ұлт пен ұлысқа ортақ. Сондықтан, бүгінгі мерекені ел бірлігін сақтауға айрықша үлес қосатын айтулы күн деп есептеймін. Бүгінде ауданымызда орыс, корей, татар, өзбек, украин, башқұрт, грек, қырғыз, түрікмен, неміс этнос өкілдері әлеуметтік, шаруашылық пен өндіріс салаларында татулықпен еңбек етіп, аудан экономикасының өркендеуіне зор үлес қосуда. Олар өздерінің ана тілдерін, салт-дәстүрлерін дамытумен қатар, «Тамыры терең, тарихы кенен - Қазалы» жерінде достықтың үлгісін көрсетіп келеді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ынтымақ пен бірлігіміз барша қазалылықтарды мол табысқа жеткізуде. Алдағы уақытта да аудан халқының береке-бірлігінің, ынтымағының,

ауызбіршілігінің арқасында ел игілігіне бағытталған айтулы істер, жарқын жобалар жүзеге аса берсін, - деді Жалғас Оңғарұлы.

Мерекелік құттықтаудан кейін Жалғас Сүйеубаев түрлі салада жемісті еңбек етіп, аудан экономикасының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар ұлт өкілдеріне аудан әкімінің «Алғыс хатын» табыстады.

Мерекелік шарада «Мәдени құндылықтар – ұлт қазынасы» атты көрме, «Бір шаңырақ астында...» атты үздіктер шеруі өтіп, бейбітшіліктің белгісі саналатын ақ көгершіндер көк аспанға самғады.

Мұнан соң аудан өнерпаздары әннен шашу шашып, ұлттар достығы мен бірлігін дәріптейтін қойылымдар көпшілік назарына ұсынылды.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің
баспасөз қызметі**

18 МАМЫР – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН Ғ.МҰРАТБАЕВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкіміне кандидат Рыстығұл Абай Қоңырбайұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Рыстығұл Абай Қоңырбайұлы 1965 жылы, 28 мамырда Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қарақұм ауылдық Кеңесінде дүниеге келдім. 1972 жылы Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі №421 орта (қазіргі №204 мектеп) мектебінің 1 сыныбына оқуға қабылданып, 1982 жылы бітіріп шықтым.

1982 жылы Алматы зоотехникалық – ветеринариялық институтына «Малдәрігері» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1989 жылы бітіріп шықтым.

1996 жылдың наурыз айы-

нан 2000 жылдың шілде айына дейін Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру - кадр бөлімінің бас инспекторы, жалпы сектордың бас маманы, ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің бас маманы, 2000 жылдың шілде айынан 2002 жылдың желтоқсан айына дейін Қазалы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісі, 2002 жылдың желтоқсан айынан 2005 жылдың шілде айына дейін Қазалы ауданы әкімі аппаратының басшысы, 2005 жылдың шілде айынан 2008 жылдың сәуір айына дейін Әйтеке би кентінің әкімі қызметтерін атқардым.

2008 жылдың сәуір айынан 2008 жылдың қараша айына дейін Қызылорда облысы әкімі аппаратының қаржы – шаруашылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары - іс басқарушысы, бас инспекторы қызметінде болдым.

2017 жылдың желтоқсан айынан 2021 жылдың шілде айына дейін Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің әкімі, 2021 жылдың шілде айында ауыл әкімдерін сайлау негізінде Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкімі қызметіне сайланып, осы кезге дейін Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкімі қызметін атқарып келемін.

Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкіміне кандидат Рыстығұл Абай Қоңырбайұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Мені ауылдық округ әкіміне кандидат етіп ұсынған «AMANAT» партиясының алға қойған мақсаттарының бірі - халықтың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады. Менің сайлауалды бағдарламамда көрсетілген негізгі мақсатым да – сайлаушылардың сенімін ақтап, ауылдың көркеюі мен дамуына үлес қосу, халықтың әл-ауқатын арттыруға атсалысу.

Сенімдеріңізді ақтап, барлық күш жігерімді халық игілігі үшін жұмсауға, әрбір сайлаушының көкейкесті мәселесі мен мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстап, тиісті орындар арқылы шешімін табуын қамтамасыз етуді басты ұстанымым деп білемін және өз сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

1. Апаттық жағдайдағы №91 орта мектеп ғимаратының орнына жаңадан мектеп салуға тиісті жұмыстарды жүргізуді;

2. Ғ.Мұратбаев ауылына соңғы үлгідегі спорт кешенін салуға атсалысуға;

3. Ауыл көшелерін жарықтандыру жұмыстарын жүргізуге;

4. Ғ.Мұратбаев ауылындағы Ақтан батыр, Ж.Жабаев көшесін асфальттауға қаржы көздерін бөлдіруге;

5. Ауыл ішкілік электр желілерін жаңарту жұмыстарын жүргізуге;

6. Ғ.Мұратбаев ауылдық

мәдениет Үйіне, №15 «Балдәурен» бөбекжай балабақшасына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге тиісті қаржыны бөлдіруге;

7. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында шаруаларға қолдау көрсетіп, ұзақ мерзімге берілетін қол жетімді несиелерді алу жолдарын қарастыруға;

8. «AMANAT» партиясының халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты», «Қарызсыз қоғам», тағы басқа жобаларын жүзеге асыруға;

9. Ауыл тұрғындарының бұқаралық спортпен айналысуына, ауылдағы мәдениеттің дамуына, жастардың бос уақытын тиімді пайдаланатын іс-шаралардың жүргізілуіне;

10. Ауылдың қоғамдық-саяси ахуалын тұрақты назарда ұстауды қамтамасыз ететін боламын.

Құрметті сайлаушылар! Сіздердің қолдауларыңызға ие болып жатсам, жоғарыда атап өткен бағыттар бойынша жұмыс атқаруға, халық таңдаған әкім ретінде ауылдың өсіп-өркендеуі жолындағы игі істерді жүзеге асыруға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Қымбатты ауылдастар! Баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытып, алдағы сайлау науқанына белсене қатысуға шақырамын.

Еліміз өркендей берсін!

Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкіміне кандидат Өтеген Нұртуған Сәдірханұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Өтеген Нұртуған Сәдірханұлы 1983 жылы 26 наурызда Қызылорда облысы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келдім.

Тұрғылықты мекен жайым: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Тоқтар Әубәкіров көшесі, №134 үй.

1989 жылы Қазалы ау-

даны, Әйтеке би кентіндегі Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1999 жылы бітіріп шықтым. Білімім жоғары, 2005 жылы Ақтөбе «Дүние» университетін заңгер мамандығы бойынша және 2022 жылы Шымкент университетін «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

2009 жылдың сәуір айынан бастап, 2010 жылдың желтоқсан айына дейін «Әйтеке би кенті әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көркейту» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында іс жүргізуші, 2011 жылдың қаңтар айынан бастап 2012 жылдың наурыз айына дейін «Қазалы-Көркейту» ЖШС-нің директоры, 2012 жылдың наурыз айынан

бастап, 2013 жылдың қазан айы аралығында Қазалы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің операторы, заңгері, 2013 жылдың қазан айынан бастап, 2014 жылдың ақпан айына дейін «Сарыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы міндетін уақытша атқарушы, 2014 жылдың ақпан айынан бастап, 2014 жылдың маусым айы аралығында «Сарыкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, 2014 жылдың маусым айынан бастап 2022 жылдың наурыз айына дейін Қазалы аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінде бас маман болып қызмет атқардым. 2022 жылдың наурыз айынан бастап осы кезге дейін «Қазалы спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметін атқарып келемін.

Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкіміне кандидат Өтеген Нұртуған Сәдірханұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

1) Ғ.Мұратбаев ауылының көркеюі, көгалдануы мен абаттандырылуы бірінші кезектегі жұмысым болып табылады.

2) Ауылдағы қордаланған мәселелерді кезегімен шешу үшін, ауыл тұрғындарымен ойласып, қаржы қажет ететін жұмыстарды бірлесіп атқаратын боламын;

3) Ауылдағы түнгі жарықпен қамтылмаған көшелерді жарықтандыру үшін қажетті қаржы бөлдіремін;

4) Ауылдағы шаруаларға жеңілдетілген несие алуға жәрдемдесетін боламын;

5) Жастарды жұмыспен қамтуды қолға алатын боламын;

6) Ауыл мәдениетін дамыту мақсатында және ауылдың атын шығарған азаматтарға арнап "Еңбек Даңқы" аллеясын ашатын боламын;

7) Ауылдан заманауи спорт кешенін салуға атсалысамын;

8) Ауылдағы мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізуге қаржы бөлдіретін боламын;

9) Ауыл балаларын спортқа баулу үшін өртүрлі спорт секцияларын ашатын боламын;

10) Осы бағдарламадағы жұмыстардың бәрін жергілікті қоғамдастықпен бірлесіп, атқаратын боламын;

Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкіміне кандидат Абат Олжас Мұхтарұлының ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Абат Олжас Мұхтарұлы 1995 жылы 8 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келдім. Ұлым қазақ.

Тұрғылықты мекен жайым: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Бегім ана көшесі, №17 үй.

2002 жылы №226 мектеп – гимназияға 1-ші сыныпқа қабылданып, мектеп табалдырығын аттадым. 2009 жылы білімді №249 мектеп – лицейде жалғастырып, 2011 жылы мектепті бітіріп шықтым.

2011 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақ гуманитарлық

Заң және техникалық колледжіне оқуға түсіп, «Тасымалды ұйымдастыру және көліктегі қозғалысты басқару» мамандығы бойынша білім алдым.

2015 жылы білімді арттыру мақсатында жоғары оқу орнына құжаттарымды тапсырып, Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде 2015-2019 жыл аралығында «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алдым.

2020 жылы Қызылорда қаласындағы ҚРҚМ «ЭТМ» КК-нің филиалы жанындағы әскери оқытылған резервтің даярлық бағдарламасын меңгеріп, №1 актіге сәйкес атқыш мамандығын алдым. Әскери сыныбым қатардағы жауынгер.

2016 жылы Алматы қаласы, «ҚТЖ» жолаушылар тасымалы акционерлік қоғамы «Экспресс Тальго» филиалында «Жолаушылар вагонының жолсерігі» ретінде қызметке қабылдандым. 2020 жылдың қаңтар айына дейін қызмет атқарып, 2022 жылы «Қазалы ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қоғамдық жұмысқа қабылдандым. 2023 жылдың 2 қазанынан осы кезге дейін «Тасарық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы қызметін атқарып келемін.

Ғ.Мұратбаев ауылдық округі әкіміне кандидат Абат Олжас Мұхтарұлының сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

- 1) Ғ.Мұратбаев жердің құнарлығын арттыруға жұмыс істейтін боламын;
- 2) Ауылдағы мектепті қайта салдыруға күш саламын;
- 3) Ауылдағы бала бақшаға жаңа ғимарат салуға жұмыс істейтін боламын;
- 4) "Таза Қазақстан" экологиялық акциясы аясында ауылдың барлық көшелерін көркейтуге жұмыс атқаратын боламын;
- 5) Кәсіпкерлерді қолдау мақсатында Үкіметтен берілетін жеңілдетілген несиелер алып беріп, кәсібін дамытуға, сол арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге күшімді саламын;
- 6) Ауылдық округке қарасты ауыл шаруашылық жерлеріне түгендеу жұмыстарын жүргізіп, шаруа қожалықтарына мақсатты пайдалануға жер алып беруге жұмыс істеймін;
- 7) Ауылдағы күнкөрісі төмен отбасыларына мемлекеттік көмектен басқа демеушілік арқылы көмектерді көрсететін боламын;
- 8) Ауыл ақсақалдары, әйелдер кеңесі, жергілікті қоғамдастық ұйымдарымен бірлесіп, алдағы жұмыстарымды үйлестіретін боламын;
- 9) Мұратбаев ауылдағы тұрмысы төмен отбасыларына демеушілер арқылы көмектесемін;
- 10) Ғ.Мұратбаев ауылының жастарына жұмыссыздықты азайту мақсатында жеңілдетілген несиелер алып беруге жұмыс істеймін;
- 11) Округке қарасты ауыл шаруашылығы жерлеріне түгендеу жұмыстарын жүргізіп, шаруа қожалықтарына мақсатты пайдалануға жер алып беруге жұмыс істеймін;

18 МАМЫР – ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАН «ҚАРАШЕҢГЕЛ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ

«Қарашеңгел» ауылдық округі әкіміне кандидат Дарихожаев Жандос Оракбековичтің ӨМІРБАЯНЫ



Дарихожаев Жандос Оракбекович 1990 жылы, 13 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, «Сарбұлақ» ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1997-2008 жылдары Қазалы ауданы, «Сарбұлақ» ауылындағы №78 орта мек-

тепте оқыған.

2008 жылы Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінің колледжіне түсіп, 2010 жылы экономист бухгалтер, есеп және аудит мамандығы бойынша қашықтықтан оқыту бөліміне құжаттарын тапсырып, 2013 жылы экономист бакалавры мамандығы бойынша бітірген. 2011-2014 жылдары Шымкент қаласында халық банкте инженер болып жұмыс істеген. 2016-2017 жылдары «Сарбұлақ ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы міндетін уақытша атқарушы, 2017 жылдан осы кезге дейін «Сарбұлақ ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет атқарып келеді. Бойдақ.

«Қарашеңгел» ауылдық округі әкіміне кандидат Дарихожаев Жандос Оракбековичтің сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫНАН

- «Қарашеңгел» ауылдық округінің өсіп-өркендеуіне өз үлесімді қосып, ел-халықтың өлеуметтік жағдайының жақсаруы жолында төмендегі бағыттар бойынша жұмыс істеуді жоспарлаудамын:
1. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуына;
 2. Жастар бастамаларын барынша қолдай отырып, олардың атқаратын игі істеріне жағдай жасауға;
 3. Сайлаушылардың ұсыныстары мен пікірлерін тиісті орындарға өз деңгейінде жеткізіп, оңтайлы шешім табуына жұмыс істеуге;
 4. Жас отбасылардың тұрғын үй алуына арналған мемлекеттік бағдарламаларды жетілдіруге атсалысуға;
 5. Көпбалалы отбасылар мен жастарға арналған гранттар, жеңілдетілген несиелерді алып беруге сүйемелдеу жұмыстарын жүргізуге;
 6. Көркейтуді, көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын әрі қарай жандандыруға бар күшімді саламын.
 7. «Шитүбек» елді мекенінің жолын асфальттау;
 8. «Шитүбек» елді мекенін газдандыруға жұмыс істеймін;
 9. Көбек елді мекеніне сервистік ауыз су құбырын жүргізуге атсалысамын;
 10. «Ойынды» разъезіне сервистік ауыз су жүйесіне қосуға жұмыс істеймін. Осы орайда жоғарыдағы бағдарламада жо-спарланып, көрсетілген жұмыстардың барлығы, яғни, «Қарашеңгел» ауылдық округі тұрғындарының тұрмысын жақсартуға бағытталған шаралар міндетті түрде орындалады деп сенім білдіремін және бар күш-жігерімді жұмсаймын.

**«Қарашеңгел» ауылдық округі
әкіміне кандидат Қожантаев Шохан
Жанахметұлының
ӨМІРБАЯНЫ**



Қызылорда» телеарнасында телеоператор, режиссер, бейнеинженер болып жұмыс істеген. 2015-2021 жылдары «Қарашеңгел» ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып жұмыс атқарған. 2021 жылдан осы кезге дейін «Қарашеңгел» ауылдық округінің әкімі болып жұмыс істеп келді. Отбасылы, 4 бала тәрбиелеп өсіруде. 2008 жылы ҚР Мәдениет Министрлігінің «ҚР Мәдениет қайраткері» белгісін алған.

**«Қарашеңгел» ауылдық округі әкіміне кандидат
Қожантаев Шохан Жанахметұлының сайлауалды
БАҒДАРЛАМАСЫНАН**

«AMANAT» партиясынан ауылдық округ әкіміне кандидат ретінде төмендегі жұмыстарды атқаратын боламын;

Округ тұрғындарының әлеуметтік жағдайының жақсаруына, талап-тілектерінің орындалуына, округтің көркеюі жолында адал қызмет етемін.

- Жалаңтөс батыр ауылының және «Шитүбек», «Үйрек» елді мекендерінің электр желілерін жаңғырту мақсатында жұмыстар жүргіземін;

- Ауыл көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстарды және асфальттау мен жарықтандыру бойынша тиісті жұмыстарды атқаратын боламын;

- Жалаңтөс батыр ауылындағы Қ.Пірімов атындағы №103 орта мектебі, №14 «Сәуле» бөбекжай-балабақшасы мен ауыл әкімдігі ғимараттарының бу қазандықтарын табиғи газ желісіне қосу жұмыстарын жүргізуге атсалысамын;

- Жалаңтөс батыр ауылының шығыс беткейінде «Алтай» каналында орналасқан көпірге жөндеу жұмыстарды жүргіземін;

- Жалаңтөс батыр ауылында орналасқан спорт алаңына

(газонға) жөндеу жұмыстарын жүргізуге атсалысамын;

- Округке қарасты Көбек елді мекенін сервистік ауыз су жүйесіне қосуға жұмыс жүргіземін;

- «Қарашеңгел» ауылдық округіне қарасты «Алтай», «Ойынды», Көбек, «Шитүбек» елді мекендерін көгілдір отынмен қамтамасыз ету мақсатында жобалау және іздестіру жұмыстарын жүргіземін;

- Округті жыл бойы сапалы ауыз сумен және жаз мезгілінде аяқ сумен үздіксіз қамтамасыз ету бойынша жұмыстар атқарамын;

- «AMANAT» партиясының «Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында округ тұрғындары арасында 2,5 % несие алушыларға көмектесіп, кәсіптерінің дамуына үлесімді қосамын;

- Мал шаруашылығының өркендеуіне, шаруа қожалықтары мен жеке тұрғындарының мал бастарының көбеюіне және сапалы ветеринариялық ахуалдың қалыптасуына барлық жағдай жасау, сонымен қатар жеке тұрғындардың малының бағылуын жүйелі түрде ұйымдастыруға қолдау

көрсету;

- Ауылдың қабілетті жастарына қолдау көрсете отырып, олардың қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуына жағдай жасап, ауыл жастарының құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қадағалау, жастар арасында патриоттық тәрбие беру, бұқаралық спортты дамыту, саламатты өмір салтын насихаттау, жаңа ашылған жұмыс орындарына орналасуына, кәсіпкерлікпен айналысуына ықпал ету, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу жұмыстарын жандандыруға жұмыс жүргіземін;

- Ауыл тазалығын сақтау бағытында күл-қоқыстарды арнайы орындарға шығарып, санитарлық нормаларды қатаң сақтауды ұйымдастыру;

Округ әкімі болып сайлансам осы жұмыстарды атқаруға, ауыл тұрғындарының мұң-мұқтаждарын қорғап, сіздердің үлкен сенімдеріңізге ие бола отырып бар күш-жігерімді саламын. Менің азаматтық борышым, мақсатым – «Қарашеңгел» ауылдық округін көркейту, ауыл тұрғындарының әлеуметтік тұрмысын жақсарту үшін еңбек ету.

**«Қарашеңгел» ауылдық округі әкіміне
кандидат Курманбаев Дауренбек Ерназаровичтің
ӨМІРБАЯНЫ**



Курманбаев Дауренбек Ерназарович 1987 жылы 18 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық кеңесінде туған.

1994-2005 жылдары №100 орта мектебінде оқыған. 2005 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университет колледжіне оқуға түсіп 2008

жылы «Банк ісі» мамандығы бойынша бітірген. 2008 Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне сырттай тапсырып, 2012 жылы «Қаржыгер» бакалавры мамандығы бойынша бітірген.

2008 жылы Қызылорда облысы «Күзет» ЖШС және «Титан» ЖШС-де күзетші болып жұмыс істеген. 2014-2015 жылдары Қазалы ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде маман болып қызмет атқарды. 2015 - 2024 жылдары «Майлыбас ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жетекші маманы болып жұмыс істеген. 2024 жылдан осы кезге дейін «Майлыбас ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы қызметін атқарып келеді. Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп өсіруде.

**«Қарашеңгел» ауылдық округі әкіміне
кандидат Курманбаев Дауренбек
Ерназаровичтің сайлауалды
БАҒДАРЛАМАСЫНАН**

«Қарашеңгел» ауылдық округі әкімінің құзіретін пайдалана отырып, округ тұрғындарының жағдайын дамыту бағытында тұрақты жұмыс атқарамын.

Уақыт талабына сай жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс істеп, жергілікті қауымдастық, ардагерлер кеңесі, отбасы және әйелдер ісі кеңесі, жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізу.

Жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруды қолға аламын;

Жұқпалы мал ауруларының алдын алуға қолданыстағы мал қорымдарын қалыпқа келтіру, болмаған жағдайда

жаңадан салғызуға ықпал етемін;

Төменгі пайызды несие-лер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытамын;

Шаруа қожалықтарының жұмысының уақыт талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, мал басын асылдандыру, мал бордақылау алаңдарын ашып, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында кооперативтер құрамын;

Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау. Аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау. Мұқтаж жандарға көмек ұйымдастырамын;

Ауыл мәдениетінің дамуына, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргіземін;

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы 15
наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.